

**Мамбетов Бекзат Махмұтұлының «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (Академик С.Б.Бәйішевтің өмірбаяны мысалында)» деген тақырыптағы 6D011400 - «Тарих педагогтарын даярлау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ғылыми жетекшінің**

## **ПІКІРІ**

Ізденуші Мамбетов Бекзат Махмұтұлының «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (Академик С.Б.Бәйішевтің өмірбаяны мысалында)» атты диссертациялық жұмысы Отан тарихының тұлғатану бағытындағы өзекті әрі тың тақырыпқа арналған және тарихи сана қалыптастыруға арналған мемлекеттік бағдарламаның міндеттеріне толығымен сәйкес келеді.

Қазіргі кезде Отандық тарих ғылымында тұлғатану бағытының мазмұны жаңаланып, теориялық және әдіснамалық түрғыда толығып келеді. Тарихи оқығалар мен құбылыстарды тарихи тұлғалардың саяси және шығармашылық қызметіне талдау жасау арқылы ғылыми қалпына келтірудің маңызы зор екендігі күмәнсіз. Докторант Б.М.Мамбетовтың осы тақырып бойынша ғылыми талдауларын академик С.Б.Бәйішевтің мысалында зерттеу жүргізуі отандық тарих ғылымын өзектілендірудегі маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Докторант отандық архивтерден қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі мен ғылыми шығармашылық мұрасына қатысты деректерді жинақтап, ғылыми талдау нысанына айналдырған.

Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде Тарихи тұлғатанудағы биографиялық тәсілдің танымдық әлеуеті бойынша тұжырымдар жасап, С.Б.Бәйішевтің қоғамдық-саяси қызметінің зерттелуі мен дереккөздерін талдаған. Сол сияқты отандық тарихи тұлғатанудың негізгі бағыттарын саралаған. Ал екінші бөлімде С.Б.Бәйішевтің қоғамдық-саяси қызметі мен оның отандық тарих ғылымындағы ой-пікірлері жинақталған. Сол сияқты Отан тарихындағы академик С.Бәйішев тұлғасын оның саяси ұстанымдары, ғылыми көзқарастары және азаматтық позициясы арқылы аша алған.

Әсіреле отандық тарихи тұлғатану бағытында жүргізілген зерттеулерге талдау жасап, ғылыми мектептердің қалыптасуына қатысты зерттеулерді жинақтап, жіктеуі қоғамдық ойда тарихи танымды жаңалайтын елеулі жаңалық болып саналады. С.Бәйішевпен бірге М.Қозыбаев, М.Асылбеков, К.Нұрпейісов және т.б. тұлғатанушылар туралы пікірлері дәлелді болып шықкан.

Бұл зерттеу диссертациялық түрғыда алғаш рет жүргізілгенде де жаңалығы мол деп бағалауга болады. С.Б.Бәйішевтің өмірбаяны күні бүгінгі дейін қарастырылған емес. Сондықтан да Бекзат Махмұтұлының зерттеу нәтижелері отандық тарих ғылымын деректік түрғыда байытқан еңбек деп бағалаймын.

Мамандық шифрына сай диссертацияның үшінші бөлімі зерттеу нәтижелерін оку процесіне енгізуге қатысты педагогикалық зерттеулерді құрайды. Докторант бұл бағытта да нәтижелі жұмыстар жасай алған.

Мамбетов Бекзат Махмұтұлының «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (Академик С.Б.Бейішевтің өмірбаяны мысалында)» деген тақырыптағы 6D011400 - «Тарих педагогтарын даярлау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысы толығымен аяқталған және ғылыми жаңалығы мол, қолданбалық маңызға ие жұмыс.

Диссертациялық жұмысты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ережесі талаптарына сай орындалған, жеке авторлық жұмыс деп бағалап, Б.М.Мамбетовтың жұмысын философия докторы (PhD дәрежесін алу үшін ресми коргауға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші, тарих ғылымдарының докторы,  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚГУ  
Тарих кафедрасының профессоры**



**Тұрсын Х.М.**